

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 27 маусымдағы N 1031 және 1997 жылғы 30 маусымдағы N 1037 қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 17 маусымдағы N 663 қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 12 маусымдағы N 578 Қаулысымен

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 12 маусымдағы N 578 ((қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) "Қазақстан Республикасында этил спирті мен алкогольді өнімдер (сырадан басқа) импортын лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 27 маусымдағы N 1031 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1997 ж., N 29, 263-құжат):

тақырыбында, кіріспесінде және 1, 2-тармақтарда "(сырадан басқа)" деген сөздер алынып тасталсын;

2-тармақта "Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті" деген сөздер "Қаржы министрлігінің, Салық комитеті" деген сөздермен ауыстырылсын;

3, 4-тармақтар алынып тасталсын;
көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасында этил спирті мен алкогольді өнімдер (сырадан басқа) импортын лицензиялаудың тәртібінде: тақырыбында және мәтінінде "(сырадан басқа)" деген сөздер алынып тасталсын;

3-тармақтың екінші абзацында "Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақтың соңғы абзацының алдынан мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"ж) тармақшасында көрсетілген құжаттарды сыра импорттаушылар ұсынбайды." ;

8-тармақ алынып тасталсын;
көрсетілген Тәртіпке 1 және 2-қосымшаларда 20-тармақтағы "министрлігі" деген сөз "министрлігінің Салық комитеті" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) "Қазақстан Республикасында тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) экспорты мен импортын лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 30 маусымдағы N 1037 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1997 ж., N 29, 266-құжат):

2, 3, 4-тармақтарда "(сырадан басқа)" деген сөздер алынып тасталсын;
4-тармақта "министрлігі" деген сөз "министрлігінің Салық комитеті" деген сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген қаулыға 5-қосымшада:

"Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті" деген сөздермен ауыстырылсын;

м ы н а :

"Сусындарды өндіру кезінде
пайдаланылатын жұпар иісті
заттардың негізіндегі

өнімдерден басқа, құрамдас

спирттік шала өнімдер 2106 90 200 0"

деген жолдан кейін мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"Уытты сыра 2203 00".

2. Осы қаулы ресми түрде жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі